

2014ж. 12 айының НӘТИЖЕЛЕРІ

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

МАҢЫЗДЫ: Осы тұсаукесерден алынған ақпаратты тікелей немесе жанама, тұтастай немесе бөлшектеп және қандай да басқа мақсаттарға көшіруге, таратуға, жариялауға немесе кез келген тұлғаға беруге тыйым салынады.

Ақпаратты компания дайындаған және осы ақпараттың мазмұнына, оның ішінде оның нақтылығына, толықтығына немесе шынайылығына қатысты немесе компанияға қатысты жасалған немесе ықтимал жасалған кез келген басқа мәлімдемеге қатысты ешқандай өзге тарап өзіне жауапкершілік алмайды және ешқандай тікелей немесе жанама растамалар немесе кепілдіктер бермейді.

Ақпарат болашақта дамуға қатысты мәлімдемелерді баяндайды. Ақпаратта мәлімдемеге енгізілгендердің кез келгені тарихи фактілерде атап көрсетілгендеріден ерекше болашаққа болжамдар болып табылады. Болжамдық мәлімдемелер компанияның ағымдағы күтулеріне және оның қаржылық жағдай, операциялардың нәтижелері, жоспарлары, мақсаттары, болашақ көрсеткіштері мен бизнесіне қатысты жобаларға сәйкес келеді. Бұл мәлімдемелер өзіне шектеусіз, осының алдындағы немесе «мақсат», «пайымдау», «күту», «көздеу», «ниеттену», «бәлкім», «болжамдау», «есептеу», «жоспарлау», «жоба», «болады», «болуы мүмкін», «ықтимал», «болуы тиіс», «мүмкін» «болар еді» және басқа да сөздер мен терминдерді ұқсас мәндерімен және оларды теріске шығаруымен өзіне қосуы мүмкін. Осыған ұқсас болжамдар белгілі және белгісіз тәуекелдермен, белгісіз факторларымен және компанияның болжанатын нәтижелерінен, өнімділігінен немесе осыған ұқсас болжамдық мәлімдемелерде тікелей немесе жанама баяндалатын басқа маңызды факторлардан, өнімділіктен немесе жетістіктерінен маңызды ерекшеленуге алып келуі мүмкін. Мұндай болжамдық мәлімдемелер компания болашақта жұмыс істейтін ортаға және Компанияның ағымдағы және болашақтағы іскерлік стратегиясына қатысты болжамдардың көпшілік санына негізделеді.


Осы арқылы ақпараттың немесе ондағы баяндалған пікірлердің шынайылығына, нақтылығына, негізделгендігіне немесе толықтығына қатысты ешқандай айқын немесе тұспалдайтын растамалар мен куәландырулар берілмейді. Ақпарат тәуелсіз тексерістен өтпеген және түзетілмеуі тиіс. Ақпарат, оның ішінде болжамдық мәлімдемелерді қоса алғанда, тек осы құжатта мерзімі көрсетілген күнге ғана жарамды және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір растамаларды беруге арналмаған. Компания ақпаратқа енгізілуі мүмкін және компанияның болжамдарындағы өзгерістер не қандай да бір шығуы мүмкін немесе оқиғалардың, жағдайдың немесе талаптардың өзгеруінен қандай да бір түзетулерді жариялау ниетінде емес және болжамдық өтініштер немесе кез келген қаржылық ақпаратты қосқанда, ақпаратқа толықтырулар немесе түзетулерді тарату жөніндегі қандай да міндеттемелерден немесе уәде етулерден екіұштылықтан, сондай-ақ осы құжатта күні қойылған күннен кейін туындаған өзге оқиғалар немесе жағдайлардан бас тартады. Осы ақпаратта баяндалған нарықтық деректер және нақтылы негізге тіркелмегендері тәуелсіз тексеруден өтпеген Компанияның өзі құрастырған бағалау көрсеткіштері болып табылады.

МАЗМҰНЫ

1. ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК
2. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР СЕРПІНІ
3. КРЕДИТТІ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қосымшалар

- 2009-2014жж. соңындағы деректер, егер басқасы көрсетілмесе, KPMG аудиттеген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келеді.
- Осы тұсаукесерде қолданылатын бағам USD/KZT: 1/182.35-ке тең (31.12.2014ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен).
- Осы тұсаукесерде қаржылық есептілікке жататын «қаржылық деректер ҚРҰБ сәйкес» сілтемелер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес дайындалған. Осы тұсаукесерде Банк қаржылық ақпаратты ҚРҰБ сәйкес Қазақстанның басқа банктерімен салыстыру үшін береді. Тұсаукесерде берілген барлық қаржылық ақпарат, ҚРҰБ талаптарының шеңберінде ұсынылды деп нақты ескертілген жағдайларды қоспағанда, ХҚЕС өлшемдеріне сәйкес келеді.



ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК



ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Еуразиялық банк активтер көлемі бойынша тоғызыншы орын және 31.12.2014ж. жағдай бойынша автокредит беру саласында бірінші орынды иеленеді.
- 1994 жылы ENRC (қазіргі уақытта ERG) тобының акционерлерімен табиғи ресурстар мен тау-кен өнеркәсібі саласында үлестес компанияларға қаржылық қызметтер көрсету үшін құрылған. Қазіргі уақытта ENRC компаниялар тобы Банк бизнесінің шамалы бөлігін ғана құрайды.
- Банк қазіргі уақытта корпоративтік клиенттерге, ШОБ және жеке тұлғаларға банктік қызметтердің барлық түрлерін көрсетеді.
- 31.12.2014ж. жағдай бойынша Банктің толық қызмет түрлерін көрсететін 20 филиалы, 143 бөлімшесі, 457 банкоматы, 341 төлем терминалы және 2,700 аса басқа да сату орындары жұмыс істейді. Қызметкерлер штаты - 5,900 аса адам. Ресейде Мәскеу к. еншілес банкі мен Новосибирск қ. филиалы бар.

2012-2014 ЖЖ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАГРАДАЛАРЫ



2013ж. және 2014ж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БАНК»
«EMEAFINANCE» марапаты



2012ж. және 2014ж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЫЛ БАНКІ»
«The Banker» марапаты



2014ж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БАНК»
«International Alternative Investment Review (IAIR)» марапаты



2012-2013жж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БӨЛШЕК БАНК»
«Asian Banking & Finance» марапаты



2012ж. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК БАНКІ»
«Euromoney» марапаты

31.12.2014ж. НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ⁽¹⁾

	млн теңге	млн АҚШ доллары ⁽²⁾
Барлық активтер	808,602	4,434
Барлық кредиттік портфель (провизиялар есебімен)	588,232	3,226
Барлық депозиттер мен клиенттердің шоттары	548,499	3,008
Барлық меншік капиатал (с.і. бөлінбеген пайда)	66,688	365
Капиталдың жеткіліктілігі, барлығы (ҚРҰБ)	11.7%	
Мерзімі кешіктірілген кредиттер	8.5%	
Капиталдың табыстылығы, ROAE ⁽³⁾	18.2%	
Активтердің орташа құнының пайдасы, ROAA ⁽³⁾	1.6%	
Өтімді активтер/Барлық активтер	20.8%	
Таза пайыздық маржа, NIM ⁽³⁾	7.2%	
Шығыстар/кірістер арасалмағы, CIR ⁽³⁾	54.7%	

РЕЙТИНГТЕР⁽⁴⁾

	Moody's	STANDARD & POOR'S RATINGS SERVICES
Қысқа мерзімді	NP	B
Ұзақ мерзімді	B1	B+
Болжам	Жағымсыз	Тұрақты

⁽¹⁾ ХҚЕС бойынша шоғырландырылған деректер

⁽²⁾ USD/KZT: 1/182.35 ҚР ҰБ 31.12.2014ж. жағдай бойынша бағамы

⁽³⁾ Жылдық мәнде

⁽⁴⁾ Рейтингтер 2015ж. 1 сәуірдегі жағдай бойынша

ЖҮЙЕЛІ СТРАТЕГИЯ

ӨСУ

Орташа мерзімдік перспективадағы нарық үлесі 5-6%

Ресей Федерациясына орташа мерзімдік бағдарланумен ТМД өңірлеріне одан әрі қарай кеңейту

Қаржыландыру көздерін әртараптандыру

Ірі банктердің стратегиясын өзгерту талаптары кезінде өсу перспективалары

АКТИВТЕР САПАСЫ

Тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту

Біріктірілген АТ жүйесі

Қызметкерлердің жоғары кәсіби біліктілігі және іскерлік мәдениеті

Кредиттік портфельді қалыптастырудың консервативтік тәсілі және кредиттік тәуекелдер мониторингі

ӘМБЕБАП БАНК

Қазақстанда желіні кеңейту

Өрекеттегі клиенттік база шеңберіндегі тоғыспалы сатулар

Инновациялық өнімдер және жоғары сапалы қызмет көрсету

Бизнес өсімі мен жаңа өнімдерді әзірлеуді қолдау үшін тұрақты АТ инфрақұрылымы

Корпоративтік, ШОБ және бөлшек бизнес арасындағы теңгерімді сақтау

КОРПОРАТИВТІК СЕГМЕНТ

Табиғи ресурстар, энергетика, көлік және ауыл шаруашылығы секторларына ерекше назар аударылады

Нарық үлесін иелену үшін оңтайлы уақыт

Ағымдағы есеп айырысу шоттары мен депозиттер қорландыру базасына қолдау көрсетеді

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Шағын және орта бизнес нарығына іріктелген тәсіл

Тәуекелдің пост-дағдарыстық серпіні есебімен болашақта кеңейту үшін клиенттік базаны талдау және құру

Мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысуға салмақталған тәсіл

ПРИВАТ БАНКИНГ

Дәулетті клиенттер үшін өнімдік желі енгізу

Корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалар үшін өнімдерді тоғыспалы сату

БӨЛШЕК СЕГМЕНТ

«Просто Кредит» бизнесті сатып алу есебінен тұтынушылық кредит беруді дамыту

Төлем қабілеттілігі есебіне басты назар аударумен жетілдірілген скор-карталар негізінде жаңа өнімдер әзірлеу

Филиалдар мен банкоматтар желісін, балама сату көздерін кеңейту

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ӨЗГЕРІСТЕР ХРОНИКАСЫ ЖӘНЕ ЖАҢА БАСТАМАЛАР

- 2009ж. аяғында жаңа басшылықтың келуі 2009ж. шығындардан нарықта таза пайыздық маржа ⁽¹⁾ бойынша үздік көрсеткіштердің біріне дейін Банктің жағдайын толықтай өзгертті. 31.12.2014ж. жағдай бойынша Банк таза пайыздық маржа көрсеткіші бойынша 6,8% деңгейіне дейін өсіп, 9-орынды иеленді, бұл ретте банк секторы бойынша жалпы алғанда осыған ұқсас уақытта бұл көрсеткіш 5,4% ⁽¹⁾ құрады.
- Басқарма төрағасы, Merrill Lynch, Credit Suisse және Ұлттық Банк Траст банктерінде жоғары басқарушы лауазымдарда қызмет істеген батыстық менеджер Майкл Эгглтон Қазақстанда және шетелде жұмыс тәжірибесі мол кәсіби басшылар командасын Банкке жұмысқа шақырды.
- Жаңа басшылықтың келуімен Банк өсу, бизнестің жаңа бағыттары, активтер сапасын, шығыстарды, қатаң бақылау бойынша, сондай-ақ клиенттік қызметтер мен тұрақты қаржылық нәтижелерге қатысты өзінің тұрақты бағдарын ұдайы растайды.
- Ағымдағы басшылық командасымен соңғы төрт жыл ішінде Банктің клиенттер саны шамамен жеті есе артты. 2014ж. Соңындағы жағдай бойынша Банктің бірегей клиенттерінің саны 1,141,286 жетті.
- 2014ж. Банк өңірде IOS (iPhone және iPad), Android және Windows Phone операциялық жүйелерінде қолжетімді өз саласында бірінші әмбебап банктік қосымшаны іске қосты.
- 2014ж. Банк Movistar Yamaha MotoGP командасының серіктесі және команда жарыскерлерінің бірінің демеушісі болды. Аталған ынтымақтастық шеңберінде Банк нарыққа өнімдер, соның ішінде қазақстандық нарық үшін жаңа негізді өнімдер ұсынды: күнделікті пайыздар есептелетін депозит және жасалған транзакция үшін нақты ақша қайтару функциясы бар кредиттік карталар.
- Күрделі экономикалық жағдайларға қарамастан, Банк 2014 жылғы қараша айында 500 млн АҚШ доллары сомасына еурооблигациялар орналастырды, ол 2014ж. соңында нарықта өтімділікке қатысты тұрақсыз жағдай туындауына дейін қосымша өтімділік ағынын қамтамасыз етті.

БӨЛШЕК КРЕДИТ БЕРУ САЛАСЫНДА САРАПШЫ

- Банк тұтынушылық және автокредит беру бойынша жедел дамушы және жоғары табысты сегменттерінің маңызды қатысушысы болуда.
- Мерзімі кешіктірілмеген бөлшек кредиттер портфелін және «ПростоКредит» сауда белгісін сатып алу Банкке 2011ж. бастап кредиттік портфель өсіміне айтарлықтай деңгейде әсер еткен жұмыс істеп тұрған бизнесті берді.
- Банк Қазақстанда кредитке сатып алынған барлық автомобильдердің жартысына жуығын қаржыландырады.
- Клиенттердің тікелей Банк желісі арқылы жүргізетін төлемдер саны айтарлықтай өсті. Қазіргі уақытта кредиттер бойынша барлық төлемдердің 90% Банк желісі ішінде өңделеді (2013ж. басында бұл көрсеткіш 67% құраған болатын).

⁽¹⁾ ҚРҰБ есептік стандарттары пайдаланылған Қазақстан банктерінің шоғырландырылмаған қорытындылары негізінде

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

- Жаңа басшылық кредиттік өтінімдердің көпшілігін 15-20 минуттың ішінде өңдеуге мүмкіндік беретін бөлшек клиенттердің автоматты скорингі жүйесін жасады және қолданысқа енгізді.
- Мерзімі кешіктірілген кредиттер үлесі ⁽¹⁾ 2014ж. соңындағы жағдай бойынша несиелік портфельдің 7,5% құрады, бұл ретте жалпы банктік сектор бойынша соған ұқсас кезеңде бұл көрсеткіш 23,6% құрады.
- 2013ж. соңында Банк нарықта бірінші болып стандартты бөлшек қарыздарды қайта беру және қызмет көрсету бірегей бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама мәмілені жапқан соң сервистік қызмет көрсету комиссиясын қоса, Банкке жоғары табысты бөлшек бизнестен артықшылыққа ие болуды жалғастыруға мүмкіндік береді, бұл ретте Банк бизнес сегменттері арасында қажетті теңгерімді сақтайды және тәуекелдерді тиімдірек бақылайды. 2014ж. Банк бағдарлама бойынша жалпы сомасы 22 млрд теңгеге жуық сомаға қайта кредиттер берді.
- Қолданысқа енгізілген 120 күн мерзімі кешіктірілген бөлшек кредиттерді өндіру процедурасының қаржылық тиімділігі 2014ж. соңындағы жағдай бойынша 90% аса құрады.
- Мерзімі кешіктірілген бөлшек кредиттер көлемі ⁽²⁾ 2010ж. дейін берілген қарыздар бойынша 28,9% бастап 2010-2014жж. кезеңде жаңа менеджмент басшылығымен берілген қарыздар бойынша 5,6% дейін төмендеді.

ТҰРАҚТЫ ӨТІМДІЛІК ҰСТАНЫМЫ

- Қаржы дағдарысы кезінде және 2014ж.ақпан айындағы ⁽³⁾ ақшаның құнсыздануынан кейін өзгермейтін жоғары деңгейдегі өтімділік.
- Артық өтімділіктің жағымсыз салдарын төмендету үшін басшылық шығынды бөлшек салымдар бойынша мөлшерлемелерді төмендету саясатын енгізеді және мөлшерлеме өзгерістеріне әсер етуі төменірек корпоративтік клиенттерден қаржы тарту бағытына басымдылық береді. Нәтижесінде міндеттемелер құны айтарлықтай төмендетілді, ол өз кезегінде Банктің таза пайыздық маржасы мен оның жалпы табыстылығы үшін оң әсерін тигізді.
- Банк негізгі корпоративтік салымшылармен, соның ішінде мемлекеттік компаниялармен және ENRC компаниялар тобымен тұрақты қарым-қатынаста. Өтімділік көздерін одан әрі әртараптандыру Приват банкинг бизнесі есебінен жүргізіледі.
- Банктің депозиттік қоры теңгенің құнсыздануына қарамастан 2014ж. 35,4%-ға артты. Банк өтімділігі 2014ж. соңындағы жағдай бойынша 26,7%-дан 2014ж. 1-тоқсанының соңына 20,8 % жайлы деңгейге дейін төмендеді.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАУЫ

- Акционерлердің қолдауы – бұл Банктің басты бәсекелестік басымдылықтарының бірі.
- 2012ж. маусымында Банк акционерлері капиталды 5.9 млрд. теңгеге (39 млн. АҚШ доллары) арттырды ⁽⁴⁾
- Банк 2010ж.қаржылық сауықтыру басталған сәттен бастап 2013ж. бірінші рет 2 млрд. теңге мөлшерінде дивидендтер төледі. 2014ж. мамыр айында Банк 1.5 млрд. теңге мөлшерінде (2013ж. қол жеткізген табыстың 12% жуығы) тағы бір рет дивидендтер төледі.
- Банк акционерлері – Forbes миллиардерлер тізіміне енгізілген Қазақстан экономикасының басты қатысушылары.

⁽¹⁾ ҚРҰБ есептік стандарттары пайдаланылған Қазақстан банктерінің шоғырландырылмаған қорытындылары негізінде

⁽²⁾ Негізгі борыш бойынша 90 күннен артық мерзімі кешіктірілген кредиттер, ҚРҰБ стандарттары бойынша шоғырландырылмаған деректер. Қалдық 31.12.2014ж. жағдай бойынша


⁽³⁾ 2014ж. 11 ақпанда ҚРҰБ АҚШ долларына қатысты теңгені 19% құнсыздандырып, 1 АҚШ доллары үшін 185 ± 3 теңге деңгейінде жаңа айырбастау бағамын бекітті

⁽⁴⁾ USD/KZT: 1/149.42 - ҚРҰБ 30.06.2012ж. жағдай бойынша бағам


31.12.2014ж. ҚАЗАҚСТАНДА ҰҚСАС БАНКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙ

ТАЗА ПАЙДА КӨЛЕМІ БОЙЫНША ТОП-15 БАНК


млрд. теңге




АКТИВТЕР БОЙЫНША НАРЫҚ ҮЛЕСІ



ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША НАРЫҚ ҮЛЕСІ⁽¹⁾




КРЕДИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ БОЙЫНША НАРЫҚ ҮЛЕСІ⁽²⁾



⁽¹⁾ SPV депозиттерін қоспағанда

⁽²⁾ Несиелік портфель РЕПО мен банкаралық операцияларды біріктіреді




НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР СЕРПІНІ




ТҰРАҚТЫ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ

- Банктің жаңа басшылығы келгеннен кейінгі шығыстар мен артық өтімділікті қысқарту нәтижесінде шығыстардың кірістерге арасалмағы 2010ж. соңындағы 75.7%-дан 2014ж. жағдай бойынша 54.7%-ға дейін төмендеді, ал таза пайыздық маржа осыған ұқсас кезеңде 2.4%-дан 7.2%-ға дейін артты.
- Таза пайда көлемі 2014ж. ішінде 11.4 млрд. теңгені (62 млн. АҚШ доллары) құрады, Банк бюджетіне сәйкес 2014ж. соңында таза пайда сомасы 14.0 млрд. теңгені құрайды (76.8 млн. АҚШ доллары).
- Таза пайыздық табыс 2014ж. ішінде 2013ж. осындай кезеңінің қорытындысымен салыстырғанда 6,9%-ға өсті. Кредиттік портфельдің ұдайы өсімі, бөлшек портфельдің өсімінен болған оң көрсеткіш пен ағымдағы шығыстарды қысқарту - көрсеткіштерді жетілдіру факторлары болып табылады.
- Клиенттерге берілетін кредиттер жалпы пайыздық табыстан 98%-ды құрады.

ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ МАРЖА




ШЫҒЫСТАРДЫҢ КІРІСТЕРГЕ АРАСАЛМАҒЫ



ТАЗА ПАЙДА СЕРПІНІ




ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС. КОМИССИЯЛЫҚ ТАБЫС




АКТИВТЕР

- Жиынтық активтер 31.12.2013ж. жағдай бойынша 588.6 млрд. теңгеден (3.2 млрд. АҚШ доллары) 31.12.2014ж. жағдай бойынша 37,4%-ға 808.7 млрд. теңгеге (4.4 млрд. АҚШ доллары) артты.
- Басшылық баланстық көрсеткіштердің тиімділігін жетілдіру жұмысын жалғастыруда. Соңғы төрт жылда Банк балансты кірістілігі төмен өтімді активтерден тазалап, теріс спрэдті қысқартты. Осы стратегияның нәтижесінде активтер құрылымындағы клиенттерге берілетін қарыздар үлесі (провизиялар есебімен берілетін кредиттер) 30.09.2014ж. жағдай бойынша 59.8%-дан 2010ж. соңына 72.7 %-ға дейін артты.
- Сыртқы нарық шарттарын ескере отырып, өтімділік ұстанымын басқаруға ерекше назар аударылады. Жақындағы құнсызданудан кейін Банк сақтандыру шарасы ретінде өтімді активтер деңгейін жоғарылатты. 2014ж. соңындағы жағдай бойынша өтімділік жиынтық активтерден 20.8% тұрақты деңгейде болды. Банктің міндеті – өтімділікті 15%-дан асатын деңгейде ұстап тұру.


АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



АКТИВТЕР МЕН КРЕДИТТЕР ӨСІМІ



ӨТІМДІ АКТИВТЕР⁽¹⁾




⁽¹⁾Өтімді активтер қолма-қол қаражаттан және орталық банктен тиесілі қысқа мерзімді ақша қаражатынан, бағалы қағаздар саудасынан, банкаралық активтерден және теңгеде берілген краткосрочных государственных ценных бумаг, выраженных в тенге.


КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ

- 2010ж. соңынан бастап жыл сайын Банктің кредиттік портфелі шамамен 20-30%-ға артады, бұл ретте бөлшек кредиттік портфель өсімінің диапазоны 40-60%. 2014ж. ішінде кредиттік портфель (провизиялар есебінсіз) 32,5%-ға артты, негізінен бөлшек портфельді ұлғайту есебінен.
- 2009-2010жж. ішінде Банк қаржылық дағдарыс кезінде кредиттік тәуекелдерді төмендету үшін негізінен ірі корпоративтік клиенттерге бағытталған болатын. Бірақ 2011ж. басынан бастап табыстылықты арттыруға бағытталған жаңа стратегия мерзімі кешіктірілмеген бөлшек кредиттік портфель мен «ПростоКредит» сауда белгісін сатып алуға, сондай-ақ қазақстандық нарық үшін жаңа өнімдер әзірлеуге әкелді, ол өз кезегінде Банктің бөлшек кредиттік портфелінің құрылымын елеулі өзгеруін қамтамасыз етті.
- Экономиканың қолайсыз, нақтысында жылжымайтын мүлік пен құрылыс салаларына кредит беру 2014ж. соңындағы жағдай бойынша жалпы кредиттік портфельден сәйкесінше 0.03% және 7.4% құрайды (2013ж.: жылжымайтын мүлік - 0.3% және құрылыс - 6.2%). Құрылыс жобаларына негізінен жолдар салу, инфрақұрылымдық жобалар мен электрмен жабдықтау жатады.
- Толық қызмет түрлерін көрсетуші әмбебап қаржы институты ретіндегі Банк стратегиясы бизнестің әртүрлі сегменттері арасында теңгерімді қамтамасыз етуге, корпоративтік/ШОБ бизнес және бөлшек сегменттің шамамен тең үлестерімен (50/50) кредиттік портфельді қалыптастыруға бағытталған.


КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ БӨЛУ (ПРОВИЗИЯЛАР ЕСЕБІНСІЗ)




ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
31.12.2014ж. жағдай бойынша



ВАЛЮТАЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ
(ПРОВИЗИЯЛАР ЕСЕБІМЕН)
31.12.2014ж. жағдай бойынша



КҮТІЛЕТІН ӨТЕУ МЕРЗІМДЕРІ
БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ
ҚҰРЫЛЫМЫ (ПРОВИЗИЯЛАР
ЕСЕБІМЕН) 31.12.2014ж. жағдай бойынша



ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АВТОКРЕДИТ БЕРУДЕГІ ЖЕТЕКШІ ОРЫНДАР


- Банк жедел дамушы және жоғары табысты тұтынушылық қаржыландыру мен автокредит беру саласының басты қатысушысы болып табылады.
- Société Generale-дан «ПростоКредит» мерзімі кешіктірілмеген кредиттік портфелі мен «ПростоКредит» сауда белгісін сатып алу Банкке өміршең бизнесті дамытуға мүмкіндік берді, ол өз кезегінде Банктің кредиттік портфелінің айтарлықтай өсімінің, клиенттік қордың ұлғаюының, филиалдық желінің дамуы мен халық арасында Банктің танымалдығын арттырудың кепілі болды. Бөлшек кредиттік портфель құрылымы соңғы төрт жыл ішінде айтарлықтай өзгерді.
- Автомобильдер сатып алуға арналған кредиттер мен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық кредиттер үлесі 2010-2014жж. кезең үшін жалпы бөлшек портфельде 6.2%-дан 90.1 %-ға дейін өсті. Банктің ипотекалық кредиттер портфелі Қазақстан ипотекалық компаниясына сатылғандықтан 2013ж. соңында ипотекалық кредиттер үлесі айтарлықтай төмендеді (жылдық мәнде 46.9%-ға).
- Автокредит беру саласындағы инновациялық әдіс пен «Авто бір күнде» өнімін іске қосудың арқасында Банк Қазақстанда кредитке сатып алынған барлық автомобильдердің жартысына жуығын қаржыландырады. 2014ж. кредиттік портфельдің 32.3%-ға өсімі (провизиялар есебінен) негізінен 88.8 %-ға автокредит өсімінің есебінен болды.

БӨЛШЕК КРЕДИТ БЕРУДІҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ


	Бөлшек (ипотеканы қоспағанда)	Ипотека
Кредит сомасы	82 - 109,679 АҚШ доллары	817 - 822,594 АҚШ доллары
Кредитті өтеу мерзімі	3 - 84 ай	1 - 240 ай
Бір айда берілетін кредиттердің орташа саны сяц	45,062	29
Кредиттердің орташа сомасы	2,306 АҚШ доллары	49,169 АҚШ доллары
Кредиттерді өтеудің орташа мерзімдері	40 ай	156 ай

БАНКТИҢ КЛИЕНТТЕР ҚОРЫ ⁽¹⁾

Клиенттер саны



БӨЛШЕК КРЕДИТТЕР




⁽¹⁾ Банкте бір немесе одан да артық шоттары бар жеке және заңды тұлғалар бірегей клиенттер болып саналады.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ САПАСЫ

- Қайта құрылымдалған кредиттер үлесі – провизиялар шегеріміне дейін кредиттік портфельден 7,3% (2013:10,2%).
- LTV коэффициентінің орташа мәні (кредит/қамтамасыз ету құны) – 47,1% (2013:42,0%). Кепілдік қамтамасыз етуді қайта бағалау әрбір жарты жыл сайын жүргізіледі.
- Кредиттердің шоғырлануын қысқарту. 10 ірі кредит үлесі несиелік портфельден (провизияларды ескермегенде) 2010ж. соңында 33,3% бастап 2010-2014жж. жағдай бойынша 18,2% дейін азайды.
- Қол жеткізген және есептелген пайыздық табыстар арасындағы айырмашылық шамамен 10% деңгейінде сақталады, ол Банктің кредиттік портфелінің сапасын білдіретін Банк жетістіктерінің бірі болып табылады.


МЕРЗІМІ КЕШІКТІРІЛГЕН КРЕДИТТЕР⁽¹⁾. ПРОВИЗИЯЛАР




КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДЕГІ 10 ІРІ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҮЛЕСІ



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ ЖІКТЕЛІМІ: КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ШОБ 31.12.2014ж.



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ ЖІКТЕЛІМІ: БӨЛШЕК 31.12.2014ж.



⁽¹⁾ Клиенттерге құнсыздану резерві шегеріміне дейін берілген, 90 күннен артық мерзімі кешіктірілген құнсызданған кредиттердің баланстық құны

⁽²⁾ Қайтарылмайтын қарыздар

31.12.2014ж. БАЛАНСТЫҚ ЕСЕПКЕ ЕНГІЗІЛГЕН 2010ж. ДЕЙІН ЖӘНЕ КЕЙІН БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ САПАСЫ ⁽¹⁾


2010ж. ДЕЙІН БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	Total	Corporate	SMEs	Retail
Негізгі борыш, млн. теңге	48,088	30,832	9,325	7,932
Мерзімі кешіктірілген кредиттер, млн. теңге	13,911	1,866	7,848	4,198
Мерзімі кешіктірілген кредиттер %	28.9%	6.1%	84.2%	52.9%


2010-2014жж. БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	Банк	Корпоративтік	ШОБ	Бөлшек
Негізгі борыш, млн. теңге	540,423	215,944	35,038	289,441
Мерзімі кешіктірілген кредиттер, млн. теңге	30,088	1,599	3,036	25,453
Мерзімі кешіктірілген кредиттер %	5.6%	0.7%	8.7%	8.8%

2010-2014жж. КЕЗЕҢДЕ БЕРІЛГЕНДЕРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА
2010ж. БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІ




МЕРЗІМІ КЕШІКТІРІЛГЕН КРЕДИТТЕР / КРЕДИТТЕРДІ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША БӨЛУ



МІНДЕТТЕМЕЛЕР

- Жергілікті нарықта тартылған депозиттер Банктің негізгі қорландыру көзі болып табылады. 31.12.2014ж. жағдай бойынша клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің үлесі міндеттемелерден 73.9% құрайды (2013:76.4%). Жалпы депозиттік база 2014ж. ішінде 35,5 % артты, оның 66,9% заңды тұлғалардың қаражаты.
- 2014ж. басында теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының әлсіреуі шетелдік валютадағы депозиттерге деген сұранысты арттыруға және клиенттердің депозиттері мен ағымдағы шоттарының үлесінің жылдық мәнде теңгемен 21,3 % төмендеуіне әкелді.
- 2014ж. қарашада Банк своп арқылы теңгеге айырбастаумен сомасы 500 миллион АҚШ доллары мөлшерінде еурооблигациялар орналастырды. Бұл үш жылғы облигациялар шығарылымы Банкті кепілдендірілген орташа мерзімді қормен қамтамасыз етті және активтер мен міндеттемелер арасындағы мерзімдер бойынша айырмашылықтың төмендеуіне ықпал етті.


МІНДЕТТЕМЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ (31.12.2014)




млн. теңге АҒЫМДАҒЫ ШОТТАР ҚҰРЫЛЫМЫ




млн. теңге МЕРЗІМДІ ДЕПОЗИТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ





ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ШОТТАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ






КРЕДИТТИ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ







20
табысты жыл
лет успеха
years of success

Eurasian Bank

ҚОСЫМШАЛАР



ХҚЕС бойынша БАЛАНСТЫҚ ЕСЕП

	31.12.2014 теңге, 000 (аудиттелген)	31.12.2013 теңге, 000 (аудиттелген)	Жылдың басынан бері % өзгерісі
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	112,083,022	83,146,378	34.80%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары	4,547,700	1,139,628	299.05%
Сатуға қолжетімді қаржылық активтер	5,913,836	10,979,872	-46.14%
Банктерге берілген қарыздар мен аванстар	13,476,169	2,922,373	361.14%
Клиенттерге берілген қарыздар	588,232,099	432,529,086	36.00%
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	35,184,257	23,462,306	49.96%
Ағымдағы салық активтері	2,146,329	1,284,278	67.12%
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	22,847,412	19,758,591	15.63%
Басқа активтер	24,171,260	13,410,896	80.24%
Барлық активтер	808,602,084	588,633,408	37.37%
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары	-	2,278	-100.00%
Банктердің шоттары мен депозиттері	3,469,981	14,116,633	-75.42%
«РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	7,353,570	8,803,285	-16.47%
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	548,499,125	404,673,786	35.54%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	103,242,607	32,786,356	214.90%
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздар	26,028,695	35,669,288	-27.03%
Басқа тартылған қаражат	37,862,573	21,410,349	76.84%
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	1,795,183	257,542	597.04%
Басқа міндеттемелер	13,662,318	12,095,527	12.95%
Барлық міндеттемелер	741,914,052	529,815,044	40.03%
МЕНШІК КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	30,110,207	30,110,207	0%
Эмиссиялық кіріс	25,632	25,632	0%
Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	8,234,923	8,234,923	0%
Серпінді қор	6,733,233	6,733,233	0%
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау қоры	(74,143)	(51,653)	43.54%
Деректерді беру валютасына аудару бойынша жинақталған қор	(2,213,707)	(182,251)	1114.65%
Бөлінбеген пайда /Жинақталған шығын)	23,871,887	13,948,273	71.15%
Барлық меншік капитал	65,688,032	58,818,364	13.38%
Барлық міндеттемелер мен меншік капитал	808,602,084	588,633,408	37.37%

ХҚЕС бойынша КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

	31.12.2014 теңге, 000 (аудиттелмеген)	31.12.2013 теңге, 000 (аудиттелмеген)	Жылдық есептеудегі % өзгеріс
Пайыздық кіріс	80,075,139	67,074,862	19.38%
Пайыздық шығыс	(39,862,264)	(29,489,203)	35.18%
Таза пайыздық кіріс	40,212,875	37,585,659	6.99%
Комиссиялық кіріс	11,479,459	11,687,847	-1.78%
Комиссиялық шығыс	(779,643)	(751,232)	3.78%
Таза комиссиялық кіріс	10,699,816	10,936,615	-2.17%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары бойынша таза (шығын)/кіріс	(631,760)	(161,988)	290.00%
Шетелдік валютамен жүргізілген операциялардан түсетін таза кіріс	3,396,540	2,642,196	28.55%
Сатуға қолжетімді қаржы активтерінен түсетін таза (шығын) / кіріс	(349)	(290)	20.34%
Ипотекалық кредиттерді сатудан түсетін пайда	1,131,811	707,582	59.95%
Басқа операциялық (шығындар) /кірістер	(279,425)	165,286	69.06%
Операциялық кіріс	54,529,508	51,544,488	5.79%
Құнсыздану шығындары	(10,069,797)	(8,247,764)	22.09%
Қызметкерлерге шығындар	(16,438,092)	(15,070,861)	9.07%
Басқа жалпы әкімшілік шығындар	(13,412,070)	(10,947,331)	22.51%
Салық салуға дейінгі пайда	14,609,549	17,278,532	-15.45%
Табыс салығы бойынша шығындар	(3,185,919)	(4,132,351)	-22.90%
Жылдық таза пайда	11,423,630	13,146,181	-13.10%
Сатуға қолжетімді қаржы активтері үшін қайта бағалау қоры:			
- әділ құнының таза өзгерісі	22,839	62,315	-136.65%
- пайда немесе шығын құрамына аударылған әділ құнының таза өзгерісі	349	290	-20.34%
Шетелдік валютамен жүргізілетін операциялар бойынша бағам айырмашылықтары	2,031,456	(174,496)	-1264.18%
Пайда салығы шегерімімен басқа жиынтық кірістің барлығы	(2,053,946)	(111,891)	1735.67%
Жылдық жиынтық кірістің барлығы	9,369,684	13,034,290	-28.12%

ХОЛДИНГ ҚҰРЫЛЫМЫ



(1) Алиджан Ибрагимов, Александр Машкевич және Патох Шодиев Forbes миллиардерлерінің тізіміне кіреді. Олар бірлесіп ENRC Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясын (қазіргі уақытта – ERG) құрды, аталған корпорация өндіру, өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг салаларында толықтай біріктірген кәсіпорындары бар табиғи ресурстарды өңдеу бойынша әлемдегі ең ірі әртараптандырылған компаниялардың бірі болып саналады. ERG – бұл Қазақстанның тау-кен металлургия секторының үштен бірі.

(2) Еуразиялық қаржы компаниясы – Еуразиялық банкті, Еуразиялық капиталды, «Еуразия» сақтандыру компаниясын біріктірген холдинг компаниясы.

- «Еуразия» сақтандыру компаниясы – жергілікті және шетелдік нарықтарда қызметтерін ұсынушы Қазақстанның сақтандыру саласындағы көшбасшы.
- Еуразиялық Капитал – брокерлік-дилерлік қызметті, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару қызметтерін жүзеге асырушы қазақстандық компания, Қазақстан қор биржасының мүшесі.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

